

Ж.С.Шалабаева,^{1*}  Б.М.Нарбекова,²  Н.А.Каргапольцева³ 

¹ Қожса Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ -Түрік университет,
Түркістан қ., Қазақстан

² Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университет, Алматы қ., Қазақстан

³ Орынбор мемлекеттік университет, Орынбор қ., Ресей Федерациясы

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУШІЛІК ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ

Аңдатпа

Мақалада болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ғылыми-зерттеу іс- әрекетін қалыптастырудың кейбір мәселелері қарастырылады. Авторлар заманауи университет жағдайында оқытуды ұйымдастырудың кейбір принциптерін ашып қарастырған: ғылыми-зерттеу, инновациялық-жобалау және білім беру іс- әрекетінің бірлігі және белсенді өзара іс-қимылы ретінде; тұлғаның әлеуметтік және рухани дамуына бағытталуы; күш - жігер мен ресурстарды басым, әлеуметтік маңызы бар және жеткіліксіз игерілген бағыттарға шоғырландыру; студенттердің ғылыми шығармашылығын қолдау және дамыту; жүргізілетін зерттеулердің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге қабілетті жарқын шығармашылық даралықтарды қолдау; зерттеулер мен жобалардың нәтижелерін баспа қызметін және Интернет желісінің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, практикалық қызметте қолдануға дейін жеткізу және т. б.

Зерттеу мәселесіне арналған ғылыми-педагогикалық, арнайы және әдістемелік әдебиеттерге жасалған шолуға сүйене отырып, ғалымдар ғылыми-зерттеу іс- әрекетін ұйымдастырудың ерекшеліктерін анықтап, студенттердің өзіндік ғылыми-зерттеу іс- әрекетін ұйымдастыру кезеңдерін сипаттады, студент зерттеушінің жеке басының психологиялық сипаттамалары да анықталды.

Зерттеушілер студенттердің ғылыми-зерттеу іс- әрекетін ұйымдастырудың инновациялық әдістері мен әдістерін сипаттап, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ғылыми-зерттеу іс- әрекетін қалыптастырудың әдістемелік жүйесін ұсынды.

Түйін сөздер: студенттер, болашақ бастауыш сынып мұғалімдері, ғылыми-зерттеу қызметі, принциптері, кезеңдері, оқыту әдістері.

Шалабаева Ж.С.,^{1*}  Нарбекова Б.М.²  Каргапольцева Н.А.³ 

¹ Казахско-Турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Яссауи
г.Туркестан, Казахстан

² Казахский национальный педагогический университет имени Абая
г.Алматы, Казахстан

³ Оренбургский государственный университет, г.Оренбург, Российская Федерация

МЕТОДИЧЕСКАЯ СИСТЕМА ФОРМИРОВАНИЯ НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ




Аннотация

В статье рассматриваются некоторые вопросы формирования научно-исследовательской деятельности будущих учителей начальных классов. Авторы попытались раскрыть некоторые принципы организации обучения в условиях современного ВУЗа, как единство и активное взаимодействие научно-исследовательской, инновационно-проектной и образовательной деятельности; направленность на социальное и духовное развитие личности; концентрация усилий и ресурсов на приоритетных, социально-значимых и недостаточно освоенных направлениях; поддержка и развитие научного творчества студентов; поддержка ярких творческих индивидуальностей, способных обеспечить высокий уровень проводимых исследований; доведение результатов исследований и проектов до применения в практической деятельности, используя при этом издательскую деятельность и возможности сети Интернет и др.

Опираясь на обзор научно-педагогической, специальной и методической литературы, посвященной проблеме исследования, ученые определили особенности организации научно-исследовательской деятельности и описали этапы организации самостоятельной научно-исследовательской деятельности студентов. Также выявили психологические характеристики личности исследователя студента.

Исследователи описали инновационные методы и приемы организации научно-исследовательской деятельности студентов и предложили методическую систему формирования научно-исследовательской деятельности будущих учителей начальных классов.

Ключевые слова: студенты, будущие учителя начальных классов, научно-исследовательская деятельность, принципы, этапы, методы обучения.

Shalabayeva J.,^{1*}  Narbekova B.,²  Kargapolitseva N.³ 

¹Khoja Ahmed Yasawi Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan

²Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

³ Orenburg State University, Orenburg, Russian Federation

METHODICAL SYSTEM OF FORMATION OF SCIENTIFIC AND RESEARCH ACTIVITY OF FUTURE PRIMARY SCHOOL TEACHERS

Abstract

The article discusses some issues of the formation of research activities of future primary school teachers. The authors tried to reveal some principles of the organization of education in a modern university, such as unity and active interaction of research, innovation, project and educational activities; focus on the social and spiritual development of the individual; concentration of efforts and resources on priority, socially significant and insufficiently mastered areas; support and development of scientific creativity of students; support for bright creative individuals who are able to ensure a high level of research; bringing the results of research and projects to practical application, while using publishing activities and the Internet, etc.

Based on a review of scientific, pedagogical, specialized and methodological literature devoted to the research problem, the scientists identified the specifics of the organization of research activities and described the stages of organizing independent research activities of students. The psychological characteristics of the student researcher's personality were also revealed.

The researchers described innovative methods and techniques for organizing students' research activities and proposed a methodological system for shaping the research activities of future primary school teachers.

Keywords: students, future primary school teachers, research activities, principles, stages, teaching methods.

Кіріспе. Қазіргі жағдайда кәсіби іс- әрекеттің мінсіз формасына ретінде маманның жанашыл, шығармашыл, түрлендірілген іс- әрекетін жатқызамыз. Осы тұста шығармашыл іс- әрекетке қосылу кәсіби мансаптың ерте кезеңінде, бастапқы сатысында жүзеге асырылады. Өндіріске, соның ішінде білім беру саласына шығармашыл, дербес, бастамашыл мамандар, тың идеялар ұсынып, дәстүрден тыс шешімдер беретін тұлғалар қажет. Ал мұндай қабілеттері қалыптастыру тек оқу дағдалырмен қатар зерттеушілік іс -әрекетсіз дамыту мүмкін емес. Осы себепті жоғары оқу орны қабырғасында болашақ маманның жүйелі әрекетін, дербес ізденісін, өз іс - әрекетін жобалау мен талдау дағдыларын қалыптастыру үшін білімалушылардың ғылыми -зерттеушілік іс- әрекетін дамытуды әрбір білім беру мекемесі басым стратегиялық бағыт ретінде қарастыруы шарт.

Белгілі болғандай, ғылыми әрекет бұл жаңа білім, білік пен дағдыны меңгеруге бағытталған зияткерлік қызмет. Студенттерде әлемді сыни тұрғыда қабылдай алу қасиетін қалыптастыратын, оқытудың сапасын жетілдірудің жолы.

Осы тұста белгілі ғалым В.В.Краевскийдің заманауи мұғалім туралы жазбасына назар аударсақ «Заманауи мұғалім тек қана оқыту және тәрбиелеу қызметтерін жүзеге асырумен айналыспауы керек, сонымен қатар ол зерттеуші маман болуы қажет. Педагогикалық ғылымды білу де, практикалық тәжірибенің болуы да жаңа кәсіпті - ғылыми - зерттеушілікті арнайы меңгеруді ауыстыра алмайды. Аталмыш кәсіпке өтуде мұғалім педагог болудан босатылмайды, ол бір уақытта ғалымдар армиясының қатарынан орын алады, физиктер, тарихшылар, философтармен бірге қолына жаңартылған қару- ғылыми таным қаруын алады және оның міндеті оны жетілдірілген түрде жүзеге асыру» [1].

Материалдар мен әдістер. Аталмыш зерттеуде келесідей зерттеу әдістерін пайдаландық: арнайы, ғылыми педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерге талдау, ғылыми мақала, диссерта-

цияларды зерделеу, тақырып аясында озық тәжірибелерді зерделеу, зерттеу мәселе бойынша жинақталған материалдарды жүйелеу.

Зерттеуші Л.В.Ведерникованың көзқарасы бойынша, студентке кез келген мәтінді оқуды ұсыну, әрі оның білімін семинар мен емтиханда тексеру жәй ғана жеткіліксіз; бұл ретте арнайы түсініп оқуды және оқытушының студенттермен бірге оны талқылауды ұйымдастыру қажет. Дәл осы жұмыс түрінде барлық студенттер үшін автордың позициясы мінсіз түрінде көрініс табады [2].

Ғылыми әдебиеттер талдауы көрсеткендей, зерттеушілік іс- әрекет оқыту мен тәрбиелеу процесінің ажырамас бөлігі болып табылады, ол тұлғаның жеке даралық қабілеттерінің дамуына, дараланған оқытуды кеңейтуге, ғылыми- техникалық прогрестің талаптарына білім беру деңгейінің сәйкестігін қамтамасыз етуге, тұлғаның барлық сыртқы және ішкі мотивтерінің, зерттеушілік және танымдық қажеттіліктерінің жүзеге асырудың шарты болып анықталады [3].

Студенттердің ғылыми іс- әрекетін ұйымдастырудағы негізгі міндеттерге тоқталсақ:

- танымның ғылыми формалары мен әдістерін меңгеру;
- бағдарлама материалын терең әрі шығармашылық тұрғыда түсіну;
- әлемді ғылыми тұрғыда танудың әдіснамасымен танысу;
- ғылыми және техникалық міндеттерді дербес шешудің әдістері мен құралдарын меңгеру;
- ғылыми ұжымда жұмыс жасаудың әдістерін, бірлесе жұмыс жасау дағдыларын, бірлескен әрекет жұмысын ұйымдастыру тәсілдерін білу;
- өзекті ғылыми міндеттерді тиімді шешуге көмектесу [4].

Жалпы зерттеушілік іс- әрекетті талдау барысында, ең алдымен, зерттеу жұмысының жоспарының категорияларын сипаттасақ.

Зерттеу жұмысының жоспарын үш категорияға бөлуге болады: құбылыстарды сипаттау, құбылыстар арасындағы корреляциялық байланыстарды бағалау, құбылыстар арасындағы себеп- салдарлық байланысты орнату.


Сипаттамалық немесе корреляциялық зерттеулер теорияны әзірлеу мен болжамды тексеру үшін қажетті ақпаратты ұсынады. Себептік зерттеулер екі айнымалының корреляция фактысын беріп қана қоймай, бір айнымалының екіншісіне тікелей әсерін анықтайды [5].

Сипаттамалық және корреляциялық зерттеулерді жүргізу барысында мынадай әдістерді пайдалануға болады: мұрағат әдісі, жүйелі бақылау әдісі, нақты бір жағдайды толығырақ зерттеу, шолу құрастыру, сауалнамалар жүргізу, құрылымды интервью жүргізу. Ал себептік тәуелділікті анықтаудың жалғыз ғана жолы ол эксперимент жүргізу.

Осы тұста болашақ мұғалімдердің зерттеушілік іс- әрекетін қалыптастыруда басшылыққа алып, үнемі ескеретін ұстаным, қағидаларға тоқталсақ.

Білімалушылардың ғылыми -зерттеушілік іс- әрекетін қалыптастыруда әдістемелік даярлық барысында И.Ю. Азизова келесідей принциптерге назар аударады [6]:

- гуманизация және гуманитаризация,
- интеграция,
- жүйелілік,
- субъектілік,
- әдістемелік даярлықта мәселелі- диалогтық орта құру, сурет -1.



Сурет -1. Білімалушылардың ғылыми -зерттеушілік іс- әрекетін қалыптастырудың принциптері (И.Ю. Азизова)

Аталмыш принциптердің қысқаша сипатына тоқталсақ: гуманизация және гуманитаризация принципінiң жүзеге асыру қажеттілігі білім беру үрдісінің барысымен негізделеді, яғни тұлғаны маңызды құндылық ретінде мойындау және шығармашылық жекеліктің көрінісі деп тану.

Белгілі болғандай, гуманизация мақсаты адамдарға деген құрмет, оларға деген қамқорлық, олардың өзін-өзі жетілдіруге мүмкіндік пен құқылы екеніне сендіруге негізделетін көзқарастағы қағида. Аталмыш дүниетанымдық көзқарасқа гуманизацияның мақсатына гуманитаризация принципінің мақсаты жақын келеді, оның мәні адамгершілік өзін-өзі жетілдіруге ынталандыратын тұлғаның ерекше ойлау қабілетін меңгеруінде.


Гуманизация және гуманитаризация принциптерімен интеграция принципі тығыз байланысты, оның жүзеге асырылуы студенттің санасын қоршаған әлем туралы байытуды қамтамасыз етеді. «Ғылым -білім беру -мәдениет» түрлі жүйесіндегі элементтердің өзара әрекеттесуі негізінде білімнің интеграциясы айтарлықтай дәрежеде ғылымның әдіснамалық, дүниетанымдық және мәденишығармашылық қызметін күшейтеді, ол өз кезегінде студенттердің ғылыми -зерттеушілік іс-әрекетінде құндылық бағдарды анықтайды.

Осы тұста А.П.Беляевтың пікірі бойынша кәсіби білім берудің мақсатына жету мүмкін -өзіне іргелілік және рухани үстемдікпен кәсіби ойлауды үйлестіретін маманды қалыптастыру [7].

Интеграция принципімен жүйелілік принципі тығыз байланысты, ол өзіне зерттеу нысандарының біртұтастық, құрылымдық және әмбебаптық байланыстарын біріктіреді.

Субъектілік принципі ғылыми -зерттеушілік іс-әрекет субъектісінің тұлғалық сипаттарын ескеруді алға тартады, оларға тұлғаның бағыттылығы, құндылық бағдары, әлеуметтік талаптар, өмірлік жоспарлар, іс-әрекет пен мінез-құлықтың үстемдік мотивтерін жатқызуға болады. Айтылған сапа, қасиеттерге тұлғаның өзін-өзі бақылау жасай алуы, рефлексия және ұжымдық іс-әрекетті ұйымдастыра алу дағдысын атап өтуге болады.

Нәтижелер және талқылау. Жалпы кез келген зерттеу жаңашыл көзқараста ізденуге, оқыту процесінде инновациялық тәсілді пайдалануға бағытталады, осы тұста оқытудың мақсаты білім алушылардың жаңа ғылыми тәжірибені меңгеру мүмкіндігін дамыту. Бұл мағынада студенттердің дербестік принципі әдістемелік даярлықты мәселелі-диалогтық негізде құру қағидасымен байланыста. Жүйелі түрде оқыту процесінде зерттеу мәселесін пайдалану таным іс-әрекеті мен ойлаудың ерекше түрін қалыптастырады, оның сапаларына: жоспарлауды негіздеу, әдіс, тәсілдерді ұтымды іріктеу және таңдау, себеп-салдарлы байланысты терең түсіну негізінде реттілік әрекетін және қауіп-қатерді нақты сипаттау және т.б., сурет-2.



Сурет-2. Зерттеу мәселесін жүйелі пайдалануда қалыптасатын тұлғаның қасиеттері

Т.Ю.Цибизова білім алушылардың зерттеушілік іс -әрекетін ұйымдастырудың келесідей қағидаларын ұсынады: интеграция принципі, сабақтастық принципі, вариативтілік принципі [8].

Интеграция принципі зерттеушілік әрекеттің барлық компоненттерінің өзара байланысы ретінде түсініледі, ғылым, білім беру және өндірістің интеграциясы, интегративті білімді қалыптастыру, меңгеру тәсілі ретінде. Интеграция процесі өзара тәуелді мен өзара толықтыру негізінде шашыраңқы бөліктер мен элементтерді тұтас бірлікке біріктіруді білдіреді.

Зерттеушілік іс- әрекет нәтижесінде алынатын келесідей интеграцияланған білімдерді көрсетуге болады:

- Пәнаралық интеграция,
- Ғылым мен өндірістің интеграциясы (кәсіби іс -әрекет),
- Ғылым мен білім берудің интеграциясы (педагогикалық іс -әрекет),
- Білім беру мен өндірістің интеграциясы,
- Интеграция тұлғаның даму факторы ретінде.

Келесі сабақтастық принципі білім алушылардың білім деңгейінің даму барысында жүзеге асатын, жаңа ғылыми білім, зерттеушілік және әлеуметтік- мәдени тәжірибені, жалпы және кәсіби білім беруді меңгерумен байланысты зерттеушілік іс- әрекеттің түрлерінің байланысы.

Вариативтілік принципі тұлғаның жеке қызығушылықтары мен ойлау ерекшеліктеріне сәйкес өзін- өзі жүзеге асыруды қамтамасыз ететін зерттеушілік іс- әрекет түрлерін, ұйымдастыру формаларын, білім беру бағдарламаларын, кәсіби білім беру траекториясын таңдау мүмкіндігі деп түсінуге болады.

Зерттеушілік іс- әрекеттің білім беру бағдарламаларының әртүрлілігі білім алушы тұлғаның дамуына, дербестік шығармашылығына, білімді кеңейту мен толықтырудың вариативті мүмкіндігіне, кәсіби білім беру траекториялардың әртүрлілігіне жағдай жасайды.

Сонымен қатар, зерттеушілер өз еңбектерінде заманауи университет жағдайында білім алушылардың ғылыми -зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдастырудың мынадай принциптерін ашып қарастырған [9]:

- ғылыми-зерттеу, инновациялық-жобалау және білім беру іс- әрекетінің бірлігі және белсенді өзара іс-қимылы ретінде;
- тұлғаның әлеуметтік және рухани дамуына бағытталуы;
- күш - жігер мен ресурстарды басым, әлеуметтік маңызы бар және жеткіліксіз игерілген бағыттарға шоғырландыру;
- студенттердің ғылыми шығармашылығын қолдау және дамыту;
- жүргізілетін зерттеулердің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге қабілетті жарқын шығармашылық даралықтарды қолдау;
- зерттеулер мен жобалардың нәтижелерін баспа қызметін және Интернет желісінің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, практикалық қызметте қолдануға дейін жеткізу және т. б.

Қарастырылып отырған зерттеу мәселесіне арналған ғылыми-педагогикалық, арнайы және әдістемелік әдебиеттерге жасалған шолуға сүйене отырып, ғалымдар ғылыми-зерттеу іс-әрекетін ұйымдастырудың екі деңгейін атап көрсетеді:

- Оқу-зерттеу жұмысы, студенттердің зерттеу жұмысының әдіснамасын (теориялық бөлімді) меңгереді, зерттеу кезеңдерін дербес жүргізеді (практикалық бөлім).

- Ғылыми-зерттеу жұмысы, оқудан тыс уақытта, студенттердің ғылыми үйірме, семинар, инновациялық жұмыстарға, халықаралық зерттеулерге, сайыстарға қатысуын қамтиды. Бұл ретте студенттердің жұмысына ғылыми жетекші басшылық етеді.

Студенттердің зерттеу жұмысын дербес жүргізудің кезеңдеріне сипаттама берсек:

Бірінші кезеңде ғылыми -әдістемелік әдебиеттерді қарау,

Екінші кезеңде жұмыс жоспарын құрастыру,

Үшінші кезеңде жоспарға сәйкес материалдарды реттеу,

Соңғы кезекте жұмысты өңдеу.

Сонымен қатар, студенттердің зерттеу жұмысы келесідей кезеңдерді қамтиды:

1. Даярлық кезеңі (зерттеу нысаны, зерттеу жоспарын құрастыру, әдебиеттерді таңдау).
2. Эксперименттік (нысанды, жүйені зерттеу).
3. Камералды кезең (зерттеу нәтижелерін өңдеу, талапқа сәйкестендіру).
4. Аналитикалық кезең (себеп- салдарлы байланыстарды, заңдылықтарды анықтау, түйін, жобалау, мәслені шешу жолдарын анықтау).
5. Есептік (жоспарға сәйкес жасалған жұмыс туралы жазбаша есеп),
6. Ақпараттық (аудиторияны алынған нәтижелермен таныстыру).

Белгілі болғандай, зерттеушілік іс- әрекет өте күрделі процесс және қысқа мерзімде оны меңгеру мүмкін емес. Сол себепті студенттердің зерттеушілік дағдыларын дамыту үздіксіз әрі жүйелі түрде жүзеге асырылуы керек. Ол үшін оқыту процесінің барлық кезеңдерінде пәнаралық интеграция принципін сақтай отырып, студенттерге өзіндік жұмыс тапсырмаларын немесе аудиториялық тапсырмаларды ойлаудың ғылыми стилін дамытуға бағыттау қажет. Тіпте дәрістердің инновациялық формасын пайдалана отырып, ұйымдастыру көзделсе, мысалға: дәріс пікірталас, мәселелі дәріс, алдын ала қателерімен жоспарланған дәріс, миға шабуыл, екі оқытушының дәрісі.

Ал семинар тақырыптары зерттеудің ғылыми аппаратын меңгеруге және студенттердің зерттеушілік белсенділігін арттыруға бағытталады. Мысал ретінде: «Жасанды интеллект заманындағы тұлғаны қалыптастыру мәселесін зерттеу». Қарастыратын сұрақтар ретінде: Тұлғаның қалыптасуында жасанды интеллекттің рөлі қандай? Қандай шетелдік ғалымдар жасанды интеллект мәселесін зерттеген? Қазақстандық ғалымдардың жасанды интеллект мәселесін зерттеген еңбектерінде қандай идея, көзқарастар бар? Жасанды интеллект адамды ауыстыра ала ма? және тағы с.с. сұрақтар.

Жоғарыда қарастырылғандарды түйіндей келе, біз болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ғылыми-зерттеушілік іс- әрекетін ұйымдастырудың келесідей әдістемелік жүйесін ұсынамыз, кесте -1.

Кесте -1 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ғылыми-зерттеушілік іс- әрекетін ұйымдастырудың әдістемелік жүйесі

№	Әдістер, тәсілдер, формалар	Сипаттамасы
1.	Инновациялық әдістер	Inquiry-based learning, сұрау арқылы оқыту Project-based learning, жобалық оқыту Problem-based learning, проблемалық оқыту Action research, әрекет негізінде зерттеу Flipped classroom, төңкерілген сынып
2.	Инновациялық тәсілдер	Цифрлық -зерттеушілік тәсіл Пәнаралық тәсіл Коллаборативті тәсіл Рефлексивті тәсіл
3.	Инновациялық формалар	Ғылыми стартап зертханасы Ашық ғылыми семинарлар Онлайн зерттеу қауымдастықтары Hackathon Research bootcamp

Кестеде келтірілген инновациялық әдістерге қысқаша тоқталсақ:

Inquiry-based learning, яғни сұрау арқылы оқытуды ұйымдастыру, негізгі мақсаты студенттерді зерттеу сұрағын өздері қоюды алға тартады, деректер жинауға, оларды талдауға, түйін жасауға дағдыланады. Осы әдісті пайдалану студенттердің сыни тұрғыда ойлауын дамыту, ғылыми мәселені өзі дербес анықтау қабілетін қалыптастырады.

Project-based learning, яғни жобалық оқытуды көдейді. Әдістің мәні нақты ғылыми немесе әлеуметтік және өмірден алынған мәселені шешуге бағытталған белгілі мерзімді қамтитын жоба әзірлеу. Нәтижесінде білім алушылардың зерттеушілік дербестігі қалыптасады және соңғы көрсеткіш ретінде ғылыми мақала, жоба әзірленуі ықтималы бар.

Problem-based learning, проблемалық оқыту, әдісті оқытуда жүзеге асыру барысында оқытушы дайын білім бермейді, мәселе қойылып, сол мәселенің шешімін табуды студенттерге жүктейді. Әдісті пайдалану нәтижесінде тұлғаның ғылыми ойлау логикасы қалыптасады, болжам ұсыну дағдысын дамытуға мүмкіндік туындайды.

Action research, яғни әрекет негізінде зерттеуді ұйымдастыру. Оның мазмұнына студенттің белгілі бір тәжірибені талдау арқылы, практикалық мәселені шешуге бағытталған зерттеу жұмысын жүргізу. Аталмыш әдісті пайдалану білім алушылардың кәсіби рефлексиясын дамытады, теория мен практиканың интеграциясын қамтамасыз етеді.

Flipped classroom, төңкерілген сынып әдісі- болашақ мұғалімдердің ғылыми -зерттеушілік белсенділігін арттыруға және дербес ізденуге, сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамытуға негізделген. Төңкерілген сынып әдісінің мәні оқу мазмұнын меңгерудің дәстүрлі форматын өзгертуге басымдық беріледі, теориялық материал аудиториядан тыс, ал практикалық әрекет аудиторияда зерттеу негізінде жүзеге асырылады.

Төңкерілген сынып әдісін жүзеге асырудың кезеңдеріне тоқталсақ: бірінші кезеңде, аудиториядан тыс жұмыстар жүргізіледі, яғни мысал ретінде бейнедәрістер көру, ғылыми мақалалар оқу, зерттеу әдістерімен танысу, тапсырмалар орындау. Екінші кезеңде: аудиториялық жұмыстар, ғылыми мәселе ұсынылады, болжам ұсынылады, деректер талданады, кейс, жоба, мини зерттеулер жүргізіледі.

Инновациялық тәсілдерге сипаттама берсек:

Цифрлық -зерттеушілік тәсілге онлайн сауалнама құралдарын жатқызуға болады, сонымен қатар, цифрлық деректерді талдау, ашық ғылыми базалармен жұмыс жасау.

Пәнаралық тәсіл бірнеше ғылыми салаларды біріктіріп зерттеуді көздейді, мысал ретінде педагогика, психология және IT саласы және сол сияқты зерттеу объектісіне қарай білім салаларын біріктіруге бағытталады.

Коллаборативті тәсіл өзіне топтық зерттеу, бірлескен жарияланым әзірлеу, академиялық серіктестік негізінде зерттеуді жобалау және жазуды алға тартады.

Рефлексивті тәсілге зерттеу күнделігін жүргізу, өзін -өзі бағалау, ғылыми рефлексия сессияларын жатқызуға болады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ғылыми-зерттеушілік іс- әрекетін ұйымдастырудың формаларына: ғылыми стартап зертханасын, ашық ғылыми семинарлар, онлайн зерттеу қауымдастықтарын, Hackathon, Research bootcamp жатқызамыз.

Студенттердің ғылыми-зерттеушілік іс- әрекетін ұйымдастыру барысында аса маңыздысы жұмыс нәтижелерін бағалау критерийлерімен алдын ала таныстыру боп табылады [10].

Осы тұста келесідей бағалау критерийлерін ұсынауға болады:

1. Тақырып өзектілігі мен таңдау негіздемесінің деңгейі (өте жақсы, жақсы, қанағаттанарлық).
2. Теория орнын жалпылау және талдау, түсіну деңгейі, әдістерді тәжірибеде сынау үшін таңдау және нысанда пайдалану. Мысал ретінде түрлі әдебиет көздері мен тақырып аясында шетелдік және отандық тәжірибені, әдістерді, теория жетістіктерін пайдалану, жаңа әдістерді арнайы диссертациялық жұмыстардың алынған пайдалану «өте жақсы» деңгейде бағаланады. Оқулықтарда келтірілген кең таралған әдістерді пайдалану «жақсы» деп бағаланады.
3. Жұмыстың әдіснамалық негізделуі түрлі әдіснама талдауы мен сипатталуы арқылы көрсетіледі, жіктелік қасиеттері бойынша таңдауды негіздеу «өте жақсы» көрсеткішке лайықты.
4. Әдебиеттер тізімінің библиографиялық деңгейі мен көлемі (дерек көздердің барлық түрлерінің болуы, түрлі авторлардың көзқарастарын талдау және сипаттау).
5. Баяндаудың ғылыми стилін меңгеру деңгейі, материалды баяндаудың нақты әрі логикалық байланысы, орфографиялық және пунктуациялық сауаттылық.
6. Мәселені анықтаудағы дербестік деңгейі, басқару жүйесін жетілдірудегі ұсынымдардың жаңалық деңгейі.
7. Зерттеуді қорғау барысындағы баяндама сапасы, сұраққа жауаптың тереңдігі мен нақтылығы.

Қорытынды: Зерттеу барысында студенттердің ғылыми-зерттеушілік іс- әрекетін ұйымдастырудың принциптері анықталып, инновациялық әдістері, тәсілдерін сипатталып, ұйымдастырудың инновациялық формалары ұсынылады, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ғылыми-зерттеушілік іс- әрекетін қалыптастырудың әдістемелік жүйесін қарастырылады.

Түйіндей келе, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ғылыми-зерттеушілік іс- әрекетін қалыптастыру студенттердің әдістемелік тәжірибе мен әрекеттер алгоритмін құрастыру бойынша рефлексияны болжайды, олар өз кезегінде ғылыми-зерттеу жұмыстарының толыққанды ұйымдастырылуы мен бағалануын қамтамасыз етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Краевский В.В. Преподавание как творческая деятельность учителя // Дидактика средней школы / под ред. М.Н. Снаткина. М.: Просвещение. 1982. – С. 297–318.
2. Ведерникова Л.В. Подготовка педагога как творческого профессионала: учебное пособие. – Ишим: Изд-во ИГПИ им. П.П.Ершова, 2006. – 112 с.
3. Брекалов В.Г., Терехова Н.Ю., Кленин А.И. Информационная модель выбора стратегии развития образовательного процесса // European Social Science Journal. – 2013. – № 9–3 (36). – С. 61–68.
4. Научное творчество студентов. состав. И. Мостыка, Москва, 1984-143 с.
5. Психологическая энциклопедия под ред. Р. Корсини и А. Ауэрбаха. Второе издание. Питер: 2006-1096с.
6. Азизова И.Ю. Принципы формирования научно-исследовательских компетенций студентов- биологов в процессе методической подготовки, Известия ДГПУ, №3, 2014
7. Беляева А. П. Методологические проблемы биолого-теоретического образования в условиях поиска новой образовательной парадигмы. Методология и методика научного исследования в области биологического и экологического образования: Сборник материалов IV методологического семинара, 16-18 ноября 2004 года, Выпуск 3, Санкт-Петербург. СПб. : Изд-во «ТЕССА», 2004. 220 с. 4
8. Цибизова Т.Ю. Концептуальные основания исследовательской деятельности обучающихся в системе непрерывного образования: автореф. дис. ... д-ра пед. наук / Институт теории и истории педагогики РАО. – М., 2013. – 41 с.
9. Организация исследовательской деятельности студентов. Методические рекомендации Сост.: Т.И.Топчей и С.Н. Шаповалова, Донецк 2020 г.
10. Алабугин А.А., Алабугина Р.А. Методические подходы к организации научно-исследовательской работы студентов // Современная высшая школа: инновационный аспект. 2014. №1. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/metodicheskie-podhody-k-organizatsii-nauchno-issledovatel'skoy-raboty-studentov>

References:

1. Kraevskij V.V. Prepodavanie kak tvorcheskaya deyatel'nost' uchitelya // Didaktika srednej shkoly / pod red. M.N. Snatkina. M.: Prosveshchenie. 1982. – S. 297–318.
2. Vedernikova L.V. Podgotovka pedagoga kak tvorcheskogo professionala: uchebnoe posobie. – Ishim: Izd-vo IGPI im. P.P.Ershova, 2006. – 112 s.
3. Brekalov V.G., Terekhova N.YU., Klenin A.I. Informacionnaya model' vybora strategii razvitiya obrazovatel'nogo processa // European Social Science Journal. – 2013. – № 9–3 (36). – S. 61–68.
4. Nauchnoe tvorchestvo studentov. sostav. I. Mostyka, Moskva, 1984-143 s.
5. Psihologicheskaya enciklopediya pod red. R. Korsini i A. Auerbaha. Vtoroe izdanie. Piter: 2006-1096s.
6. Azizova I.YU. Principy formirovaniya nauchno-issledovatel'skih kompetencij studentov- biologov v processe metodicheskoy podgotovki, Izvestiya DGPU, №3, 2014
7. Belyaeva A. P. Metodologicheskie problemy biologo-teoreticheskogo obrazovaniya v usloviyah poiska novej obrazovatel'noj paradigmy. Metodologiya i metodika nauchnogo issledovaniya v oblasti biologicheskogo i ekologicheskogo obrazovaniya: Sbornik materialov IV metodologicheskogo seminar, 16-18 noyabrya 2004 goda, Vypusk 3, Sankt-Peterburg. SPb. : Izd-vo «TESSA», 2004. 220 s. 4
8. Cibizova T.YU. Konceptual'nye osnovaniya issledovatel'skoj deyatel'nosti obuchayushchihsvya v sisteme nepreryvnogo obrazovaniya: avtoref. dis. ... d-ra ped. nauk / Institut teorii i istorii pedagogiki RAO. – M., 2013. – 41 s.
9. Organizaciya issledovatel'skoj deyatel'nosti studentov. Metodicheskie rekomendacii Sost.: T.I.Topchej i S.N. SHapovalova, Doneck 2020 g.
10. Alabugin A.A., Alabugina R.A. Metodicheskie podhody k organizacii nauchno-issledovatel'skoj raboty studentov // Sovremennaya vysshaya shkola: innovacionnyj aspekt. 2014. №1. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/metodicheskie-podhody-k-organizatsii-nauchno-issledovatel'skoy-raboty-studentov>